Ауданның қоғамдық-саяси апталық газеті

# Маяк

Районная еженедельная общественно-политическая газета

жыл 2022 год

30 желтоқсан - декабрь

№52 (64461)

Издается со 2 августа 1939 года

Сайт акима Астраханского района: www.astrahan.akmol.kz / астрахан.мем.қаз /www.astrahan.gov.kz




### Аудан әкімі Нұрлан СЕЙІЛОВТЫҢ құттықтауы

Қадірменді жерлестер, аудан тұрғындары мен қонақтары! Мінеки, тарих табалдырығынан тағы бір жыл аттады. Баршаңызды келе жатқан Жаңа 2023 жылмен шын жүректен құттықтаймын!

Жаңа жыл - тамаша отбасылық мереке ғана емес, сонымен бірге атқарған істеріміздің қорытындыларын шығаратын және алға жаңа мақсаттар қоятын мезгіл. Тарих қойнауына енетін 2022 жыл есте қаларлық жарқын оқиғаларымен, маңызды мемлекеттік жобалар мен бастамалардың қолға алынуымен ерекшеленді. Бұл жыл аса маңызды тарихи оқиғаларға толы жыл ретінде біздің жадымызда қалады.

Бүкіл елімізбен бірге біздің өңір де Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігін атап өтті. Еліміздің ширек ғасырлық ғұмыры - бұл Қазақстан Республикасының ұлы жылнамасының басы ғана. Біз бәріміз бірге осы тарихи шептен лайықты өттік. Қазақстан қуатты, заманауи және барлық әлем құрмет тұтатын мемлекетке айналды.

Қашан да Жаңа жылды алдағы уақыт көшінен қуаныш, жақсылық, жаңалық күтетін, өткен өмір жолымызға есеп беретін, келешек бағытбағдарымыз бен мақсатміндеттерімізді белгілейтін, үміт, сенім мерекесі ретінде атап өтеміз. Ескі жылды ризашылық сезіммен шығарып салып, Жаңа жылды ізгі тілек, ақ батамен қарсы аламыз.

Қазақстандықтардың Жаңа жылда жаңа табыс, берекебірлік тілеген игі ниеттері мен даму жолындағы іскерлік тәжірибелері нәтижесінде толағай табыстарға қол жеткізудеміз. Тәуелсіздікке қол жеткен жылдар ішінде еліміз орасан зор жетістіктерге жетіп, Қазақстанның көптеген бағдарламалары абыройлы орындалып келеді.

Құрметті аудан тұрғындары! Өткен жылда қол жеткен табыстар мен игілікті істер баянды болсын. 2023 жылда баршаңызға бақыт, отбасыларыңызға береке-бірлік, жұртымызға тыныштық алып келсін. Баршаңызға зор денсаулық пен амандық тілеймін!




### УВАЖАЕМЫЕ АСТРАХАНЦЫ!

Депутатский корпус районного маслихата поздравляет вас с Новым 2023 годом! Прожит еще один год. Для каждого из нас, он был по своему особенный. Нам удалось решить множество насущных задач, получить новый опыт и бесценные жизненные уроки. Провожая уходящий год нельзя не отметить и то, что он запомнится нам своими достижениями и преобразованиями. Мы ежедневно нуждается в поддержке родных и близких . И они искренне верят в нас. И каждый новый год мы встречаем с надеждой на перемены к лучшему на здоровье и успех каждого. Я искренне желаю вам, дорогие земляки, чтобы Новый год принес мир и покой, радость и счастье, достаток благополучие в каждый дом. Желаю всем красивых идей и пусть в новом году сбудутся все ваши мечты и желания ! Пусть в вашей жизни будет больше счастливых моментов. С Новы годом Вас!!!

**Мейрам ҚОЖАХМЕТ, секретарь районного маслихата.**



## ДЕПУТАТЫ УТВЕРДИЛИ ПРОЕКТ РАЙОННОГО БЮДЖЕТА 2023 ГОДА

***На минувшей неделе состоялась очередная сессия районного маслихата, на которой, депутаты утвердили бюджет района на следующий год. В работе сессии принял участие аким района Нурлан Сеилов.***




В соответствии с повесткой дня в ходе сессии депутаты прослушали доклад руководителя отдела экономики и финансов района Галии Оспановой, в котором было подробно рассказано и проанализированы расходные части бюджета района. Как и в прежние годы, основная доля заложенных средств будет направлена на систему образования с корректировкой на увеличение заработной платы отдельным категориям педагогов. Также были затронуты бюджеты сельских округов. Также с докладом выступили аким сельского округа села Жалтыр Амангельды Иманкулов и депутат маслихата Анатолий Мальков.

Входе сессии было проведено голосование среди депутатов. По результатам голосования был принят и одобрен бюджет района на следующий год.

В завершении сессии аким Астраханского района Нурлан Сеилов поблагодарил депутатов за работу и активное участие в реализации планов Астраханского района и пожелал дальнейших успехов.

**Наш корр.**

## САМЫЙ ГЛАВНЫЙ ПРАЗДНИК ДЛЯ ВСЕХ

***Новый год – это самый главный календарный праздник, наступающий в момент перехода с последнего дня текущего года в первый день следующего года. Для кого-то это новые планы и новые достижения, для кого-то подведение итогов уходящего года, со всеми его радостями, успехами, взлетами и падениями. И каждый из нас встречает этот праздник в ожидании новогоднего чуда, радости и подарков.***



23 декабря в селе Астраханка в ресторане «Жибек жолы» акимом Астраханского района Нурланом Сеиловым был проведен новогодний «Голубой огонёк» для ветеранов и пенсионеров села. Аким Астраханского района поздравил всех присутствующих с наступающим Новым годом, пожелал всем крепкого здоровья счастья, радости и удачи в наступающем 2023 году. Для пожилых людей была предоставлена концертная программа с участием вокально-инструментального ансамбля районного Дома культуры и солистов. В адрес руководства района и организаторов данного мероприятия звучали слова поздравления с наступающим Новым годом и слова благодарности от односельчан.

Мероприятие прошло задорно, с веселыми конкурсами, песнями, танцами. Участники «Голубого огонька» активно участвовали в конкурсах, , пели песни, танцевали. На протяжении всего праздника царило веселье и хорошее настроение! На празднике было много сюрпризов, подарков и неожиданных приятных моментов, специально приготовленных для зрителей. Пожилые люди с удовольствием участвовали в веселых танцевальных и вокальных конкурсах, потому что в зале царила искренняя и непринужденная обстановка праздника. Праздник получился веселым.

**Соб.инф.**

# БІР АУЫЗ СӨЗДІҢ ҚҰДІРЕТІ



**Қазақта «Жақсы сөз – жарым ырыс» деген аталы сөз бар. Сөздің адам баласының жан дүниесіне әсер ететін дара қасиеті де баршылық. Берекеттің бір ұшы, құт-берекенің қадір-қасиеті де осы «Сөз» деген ұлылықтан бастау алатындай. Қаншама ғасырлық тарихқа, шежіреге бай халқымызда қара қылды қақ жарып, әділдігімен бір руды, одан қалды, бір ауылды басқарып, жол сілтеп отыратын ақсақал қариялары болған. Олар «Сөз» құдіретіне бас иген. Осы тұрғыда мына бір әңгімені оқырман назарына ұсынуды жөн көрдік.**

Соңғы кездері оның әйелімен қарым-қатынасына сызат түсті. Екеуі бір-бірімен түсінісе алмайтын. Болмашы нәрселерге екеуі келісе алмай, пікірлері де бір жерден шықпай, араларында ұрыс-керіс көп болып тұратын. Екеуінің де бір-бірінен шаршағаны соншалықты, ажырасудан басқа жол жоқ деп ойлайтын. Өйткені екі жастың арасы суығанына байланысты құдалардың қарым-қатынасына да сызат түскен. Содан көп ойлана келе отағасы жұбайымен жап-жақсы басталған отбасылық өмірінің шырқы неліктен бұзылғанын, ұрыс-керістерінің, бітпейтін дау-жанжалдың неліктен жиі туындап тұратындығының себебін іздеп көрді. Өз бетінше себебін таба алмады. Сондықтан ол көпті көрген, ел мақтайтын бір қарияның ақыл-кеңестерін тыңдау үшін алдына барған еді.

Ол қарияға өзінің басында болып жатқан жағдайлар туралы айтып, кеңес сұрады. Сонда қария жігіттің бетіне бажайлап, ұзақ қарап отырды да: "Енді кеш, сен ажырассаң да, ажыраспасаң да пайдасы жоқ. Өйткені сенің бір айдың шамасындай ғана өмірің қалды. Не істесең де енді бұл өмірдегі жағдайдың саған мәні жоқ",– депті.

Аузы дуалы деген ел құрметтейтін ақсақалдың аузынан осындай сөздердің шығуы мұң екен, жігіттің жүзі бозарып, бір сөз айта алмастан үйден шығып кетіпті. Жолында кездескен таныс кісілерінен кешірім сұрап, оларға жылы сөйлеп, бір қимастық сезімінің бар екендігін аңғартыпты. Үйіне қайтып келе жатып, ойына неше түрлі оқиғалар келіп, өткен өміріне сырт көзбен қараса, өзінің жіберген қателіктерінің біршама екендігін түсініпті.

Сөйтіп үйіне келген соң әйеліне осы уақытқа дейін жасап келген мәмілесінің бұрыс жағын көре бастайды. Әйеліне: "Егер мені кешіре алсаң кешір және маған разы бол. Осынша уақыт бірге өмір сүріп келеміз, мен сені ренжіткен сәттерім өте көп болды. Мен саған жақсы күйеу бола алмадым. Қалауыңды орындауға тырыспадым" дейді.

Әйелі болса күйеуіне таңдана қарап "бұған не болған?" деп ойласа да, оның қазіргі халіне аяныш білдірді. Қуарып кеткен жүзінен мұңның тегін еместігін сезген бойда: "Отағасы, керісінше, мен сізге әрдайым құрметсіздік көрсеттім. Сізді көп ренжіттім. Мені кешіріңіз", – деп ол кешірім сұрайды. Екеуінің де жүрегі жібіп, бір-біріне деген мейірімдері сол сәтте оянып, көздеріне еріксіз жас келіпті.

Кейін отағасы өзіне ренжіп жүрген қайын атасына барады. Ол кісіден де кешірім сұрап, татуласады. Әйелі де өз кезегінде енесінен кешірім сұрап, ендігәрі ренжітпейтіндей мәміле орнатыпты. Осылайша жанұяда тыныштық орнап, мамыражай күйге ене бастапты. Енді отбасында татулық орнап, жанұяға жылылық шуағы тарала бастапты.

Арада бір ай өткен соң, жігіт ойлана бастайды. Ол өзіне ақыл айтқан қарияның сөзін есіне алып, өмірінің "соңғы сәтін" күтумен болады. Бірақ сол айтылған күн "кешіге" бастайды. Мүмкін, ол толық бір ай деген жоқ, бір айдың көлемі деп еді ғой деп бойын үрей билеп жүргенде екі ай да өте шығады.

Сол кезде ғана ол қарияға барып "Ақсақал, сіз менің өмірімнің өлшеулі екенін айтқан болатынсыз. Бірақ сол күнді күтумен міне екі ай да өтті. Бұл қалай болғаны? Сіздің аузыңыздың дуасы бар деп сенетін едім. Алайда мен әлі тірі жүрмін" дейді.

Сонда таңғалған қария: "Өлгені несі? Бірақ мен саған солай деген болсам, оның да бір себебі бар. Мен сенің қашан өмір сүруіңді тоқтататыныңды білмеймін. Алла ғана білуші. Бірақ сен мынаны естен шығарма, бәріміз де тірі жанбыз. Ерте ме, кеш пе, біздің кеудемізде соғып тұрған жүрек бір күні соғуын тоқтататынын білген адам ешқашан өзіне берілген өлшеулі өмірін дау-жанжалмен өткізбейді. Мен саған соны түсіндірмек болған едім. Енді қалай? Өмірің өзгерді ме? Дау-жанжалсыз, тыныш өмір сүріп жатырсың ба?" деп сұрайды.

"Иә, айтысып-тартысуды ұмыттық, бір-бірімізге мейіріммENқарай бастаған сияқтымыз", – дейді жігіт.

"Міне, өзіңнің де, менің де көздегенім осындай өмір емес пе еді? Енді әрдайым осылай тату-тәтті өмір сүріңдер. Бәрібір бір-біріңсіз өмір сүрсеңдер де жақсы өмірге қол жеткізе алмайтындарыңды түсініп, бақытты болуға, татуласуға ұмтылғандарың үшін рақмет",– дейді дана қарт.

Осынау шағын әңгімеден сөздің рухани қару екендігіне көз жеткіземіз. Қашан да ұрыс-керіс барға қанағат етпеу, шүкіршілік жасамау, шыдамсыздық танытып, қиындыққа төзбеуден туындайтыны рас. Әңгімеде отағасы данагөй қарияның бір ауыз сөзіне ден қойып, екі жақтан да өзгеруге талпыныс болмағанда, мүмкін бұл отбасы сақталып қалмас та еді-ау. Сондықтан қамшының сабындай қысқа ғұмырда бір-бірімізге, айналадағы қоршаған заттарға махаббат көзімен қарап, жылы сөз арнауға міндеттіміз. Сонда ғана өміріміз мәнге, мағынаға толы болмақ. Атақты бабамыз Мәшһүр Жүсіп: «Адам бойында үш асыл бар: бірі – көз, бірі – тіл, бірі – көңіл» деп тауып айтқан. Бұл расында адамзат баласын жақсы өмірге жетелейтін жақсы сөз, жарым ырыс.

**Өз ақпаратымыз.**

# ИСИМОВ КАЙЫРГЕЛДІ ҚАБИҰЛЫ



**2022 жылдың 22 желтоқсан күні 85 жасындаАстрахан ауданының еңбек ардагері - Исимов Кайыргелді Қабиұлы өмірден өзды.**

Қайыргелді Қабиұлы 1938 жылдың қараша айында Колутон жерінде дүниеге келген. Балалық шағы ел басына қиындық тудырған кезбен сәйкес келді. 1956 жылы Астрахан ауылына қоныс аударып, бұрынғы «Автобаз» іргетасын қалаған. Кеңес әскері қатарында Отан алдындағы өз борышын өтеп, механизатор, темір ұстасы, кейін жүргізуші, автоколонна бастығы, аудандық Астрахан-Мариновка жүйелері мен Жалтыр жерінде біршама қызмет атқарған. Зейнеткерлікке шыққанға дейін Астрахан ауданының қоршаған ортаны қорғау бөлімінде қатардағы маманнан, басшы лауазымына дейін көтеріліп жұмыс істеген. 1964 жылы Майса әжемізбен отау құрып, дүниеге үш перзент әкелген. Немере, шөбере сүйген.

Қайыргелді Қабиұлының артынан қалған жұбайының, балалары мен немелерінің, туған – туыстарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтамыз.

**Астрахан ауданының ардагерлер кеңесі.**

**КОНКУРС**

## ӘЛЕУМЕТТІК КӘСІПКЕРЛІК СУБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ТІЗІЛІМІНЕ ЕНГІЗУГЕ ӨТІНІШТЕРДІ ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

**Конкурсты ұйымдастырушы: «Ақмола облысының кәсіпкерлік және туризм басқармасы» мемлекеттік мекемесі.**

**Орналасқан жері:** Ақмола облысының кәсіпкерлік және туризм басқармасы Көкшетау қаласы, Абай көш. 96; пошталық мекенжайы: 02000, Көкшетау қаласы, Абай көш. 96; электрондық пошта мекенжайы: depprom@aqmola.gov.kz; байланыс телефоны: 8 (7162) 24-00-15, 24-00-13, 24-00-08; Конкурсқа қатысу үшін өтінім берілетін жер:Ақмола облысының кәсіпкерлік және туризм басқармасының 404 каб.

**Конкурстық құжаттаманы ұсыну тәртібі:** конкурсқа қатысу үшін үміткерлер электрондық пошта арқылы, көрсетілген мекенжайға өзі, пошта арқылы немесе өзінің өкілетті өкілі арқылы бекітілген нысан бойынша конкурстық өтінім мен толық құжаттама топтамасын береді. Конкурстық құжаттаманы ұсыну мерзімі: 2023 ж. «1» қантардан бастап 2023 ж. «10» қантарға аралығында, жұмыс күндері сағат 10.00-ден 17.30-ге дейін (жергілікті уақытпен) Өтінімдерді беру басталатын күні мен уақыты: 2023 ж. «1» қантардан сағат 10.00 (жергілікті уақытпен) Өтінімдерді беру аяқталатын күні мен уақыты: 2023 ж. «10» қантар сағат 17.30 (жергілікті уақытпен) Көрсетілген мерзім өткеннен кейін түскен өтінімдер қабылданбайды.

Осы хабарландырумен және конкурстық құжаттамамен https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upp/documents/details/adilet/P2100000773?lang=ru сайтында танысуға болады.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ О ПРИЕМЕ ЗАЯВЛЕНИЙ НА ВКЛЮЧЕНИЕ В РЕЕСТР СУБЪЕКТОВ СОЦИАЛЬНОГО ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА

**Организатор конкурса: Государственное учреждение «Управление предпринимательства и туризма Акмолинской области».**

**Местонахождение:** Управление предпринимательства и туризма Акмолинской области г. Кокшетау, ул. Абая 96, местные исполнительные органы районов, городов Кокшетау и Степногорск Акмолинской области в сфере предпринимательства (отделы предпринимательства); почтовый адрес:020000, г. Кокшетау, ул. Абая 96; адрес электронной почты depprom@aqmola.gov.kz; контактный телефон: 8 (7162) 24-00-15, 24-00-13, 24-00-08. Место подачи заявок для участия в конкурсе: Управление предпринимательства и туризма Акмолинской области, каб. 404

**Порядок предоставления документации:** для участия в конкурсе претенденты представляют посредством электронной почты, по указанному адресу лично, по почте или через своего полномочного представителя заявку по утвержденной форме и полный пакет документации.

**Сроки предоставления документации:** с «1» января 2023 г. по «10» января 2023 г. в рабочие дни с 10 часов до 17.30 часов (время местное). Дата и время начала подачи заявок: «1» января 2023 г. с 10 часов (время местное). Дата и время окончания подачи заявок: «10» января 2023 г. до 17.30 часов (время местное). Заявки, поступившие по истечении указанного срока, приему не подлежат.

С настоящим объявлением и документацией можно ознакомиться на https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upp/documents/details/adilet/P2100000773?lang=ru

**ГОСУДАРСТВЕННАЯ УСЛУГА**

# ЭЛЕКТРОННО, БЫСТРО, ЛЕГКО



**Агротехнический колледж, село Астраханка осуществляет подготовку специалистов с техническим и профессиональным образованием. В пределах своей компетенции колледж обеспечивает реализацию государственной политики в сфере оказания государственных услуг, проводит мониторинг и оказывает информационную, консультативную, методическую поддержку физическим лицам.**

Ответственными в оказании государственных услуг являются заместители руководителя по учебной, учебно – производственной, воспитательной работе, закрепленные приказом руководителя.

Согласно реестру государственных услуг, утвержденному постановлением Правительства Республики Казахстан от 18 сентября 2013 года за № 983, колледж оказывает услуги через канцелярию, Государственную корпорацию «Правительство для граждан», АРМ ГУ МОН РК, электронное правительство Республики Казахстан Egov, информационную систему услугодателя College Smart Nation по 8 наименованиям. В данной статье хочу проинформировать о порядке оказания государственной услуги "Выдача дубликатов документов о техническом и профессиональном образовании"

**Порядок выдачи дубликатов документов об образовании**

Дубликаты документов об образовании и приложения к ним выдаются вместо утраченных или пришедших в негодность, а также лицам, изменивших свою фамилию имя, отчество.

**Основанием для выдачи дубликата является:**

1) заявление обучавшегося или родителя (законного представителя) несовершеннолетнего ребенка, утерявшего или испортившего документ, на имя руководителя организации образования, в котором излагаются обстоятельства;

2) свидетельство о рождении или удостоверение личности (паспорт) обучавшегося (требуется для идентификации личности);

3) при изменении фамилии (имя, отчество (при его наличии) и (или) порче документа об образовании прилагается оригинал документа об образовании.

Для получения дубликата документов об образовании физическим лицам, не являющимся гражданами Республики Казахстан и не имеющим электронную цифровую подпись, необходимо самостоятельно обращаться в организацию образования.

Дубликат выдается на бесплатной основе не позднее 15 рабочего дня со дня подачи заявления.

Для получения дубликата документа о техническом и профессиональном образовании физическое лицо (далее - услугополучатель) направляет услугодателю через некоммерческое акционерное общество "Государственная корпорация "Правительство для граждан" (далее – Государственная корпорация) или канцелярию организации технического и профессионального образования или веб-портал "электронного правительства" www.egov.kz (далее - портал) заявление по форме или в форме электронного документа на имя руководителя организации технического и профессионального образования

В случае представления услугополучателем неполного пакета документов и (или) документов с истекшим сроком действия, работник Государственной корпорации или организации технического и профессионального образования отказывает в приеме заявления и выдает расписку об отказе в приеме документов по форме.

Государственная корпорация обеспечивает хранение результата в течение одного месяца, после чего передает его услугодателю для дальнейшего хранения.

Услугополучателям, имеющим полную или частичную утрату способности или возможности осуществлять самообслуживание, самостоятельно передвигаться, ориентироваться, прием документов для оказания государственной услуги производится работником Государственной корпорации с выездом по месту их жительства при обращении услугополучателя через Единый контакт-центр 1414, 8 800 080 7777.

Услуополучатель имеет возможность получения государственной услуги в электронной форме через портал при условии наличия ЭЦП.

Информацию о порядке и статусе оказания государственной услуги услугополучатель получает посредством Единого контакт-центра: 1414, 8 800 080 7777.

Контактные телефоны справочных служб услугодателя размещены на интернет-ресурсе Министерства: www.edu.gov.kz и Единого контакт-центра: www.egov.kz.

Порядок обжалования решений, действий (бездействия) услугодателя и (или) его должностных лиц в процессе оказания государственной услуги

Жалоба на решение, действия (бездействие) услугодателя по вопросам оказания государственных услуг может быть подана на имя руководителя услугодателя, в уполномоченный орган по оценке и контролю за качеством оказания государственных услуг в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Жалоба услугополучателя, поступившая в адрес услугодателя, непосредственно оказавшего государственную услугу, в соответствии с пунктом 2 статьи 25 Закона Республики Казахстан "О государственных услугах" подлежит рассмотрению в течение 5 (пяти) рабочих дней со дня ее регистрации.

Жалоба услугополучателя, поступившая в адрес уполномоченного органа по оценке и контролю за качеством оказания государственных услуг, подлежит рассмотрению в течение 15 (пятнадцати) рабочих дней со дня ее регистрации.

В случаях несогласия с результатами оказания государственной услуги услугополучатель обращается в суд в установленном законодательством Республики Казахстан порядке.

**Телефон для консультаций 8(716 41) 22491.**

**Н. ПОПЛАВСКАЯ,**
**заместитель руководителя по учебно-производственной работе.**

# ЕЛІМ БАРДА ЕЛЕУСІЗ ЕМЕССІҢ

**Ешкім де ешқашан аяқасты келген оқыс оқиғадан алдын ала қорғанып,ертең не боларын біле бермейді. Апат айтып келмейді дегендей осындай жағдай қараша айында Жарсуат ауылында тұратын ағамның үйінде оттан шыққан опаттан болды. Ең бастысы жан басы аман- есен болса да жайсыз жағдай бәрімізді де көңілімізді күйретті.**

Соңғы жылдары денсаулығы сыр беріп арбада отырып қалған ағам, жеңгемнің қарауымен отырған. Жолдасым екеуміз аға-жеңгемді алып кетемін деген оймен ауылға келдік. Елім дейтін ердің барын, ерім дейтін елдің барын ауылымның тұрғындарынан осы күндері көрдім. Бәрі де жан-жағынан көмек көрсетіп қолұштарын беріп жатты.Ауылдың азаматы «Сулейменов К.С.» шаруашылық қожалығының басшысы Сулейменов Алтынбек, ағамызға, туған ауылында ел ішінде қалып тұру үшін тұратын үй жағдайын, ет болатын малдың ретін келтіріп ақшадай көмек берді. Отыншеева Г.С. басшылық ететін Жарсуат ауылының ұстаздар қауымы мен мектеп ұжымы қаржылай көмек көрсетті. Ағамның бірге оқыған сыныптас құрдастары да бірліктерін көрсетіп бірігіп ақшадай жинап ас үй жиһаздарын әперді. Ауылымның ақсақал қариялары мен ақ жаулықты әжелері,ақыл айтар жастағы аға-апаларым да жақсылықтарын жасады. Қуансаң бірге қуанатын, қиындық болса қасыңнан табылатын туған-туыстарым, өз жұртым мен нағашыларым, құдажекжаттарымыз да осы бір қиын сәтте жанымыздан табылып жанашырлық жасағандарына ризамын.

Қай заманда да қиындықты жеңетін басты құдірет-ел бірлігі, жақсының жасаған жақсылығы. Ауылымыздан бастау алған осындай жақсылықты аудан білім бөлімінің басшысы П.Ю.Барахоева басшылық ететін ұжымнан, өзімнің аудандық әдістеме бөлім қызметкерлерінен, аудан мектеп ұжымдары мен ауылдық мектеп ұжымынан да көріп, бір адамдай көрсеткен көмектері үшін алғыс айтамын.

«Атамекен-анам екен, қиындықта - панам екен» дегендей елімнің ер-азаматарына, халқымның барлық жасаған жақсылығы мен көрсеткен қамқорлығына мың алғыс рахметімді айтамын. Қоныстанған ағам үйіне ауыл үлкендерін шақырып ас беріп баталарын алып,аруақтарға құран бағыштадық. Қиындықта қол ұшын созып көмек қылған жандардың бәріне де алғыс айтып, рахмет деймін! Адамға алғыс айтқанымыз, Аллаға шүкір еткеніміз. Еліміз аман жұртымыз тыныш болсын! Баршаңызға бақыт, денсаулық, амандық тілеймін!

**Самал ИБИКЕНОВА,**
**аудандық білім бөлімінің әдіскері.**

# ИЗУЧАЕМ КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК

**Қазақстан - Туымен тұғырлы,**
**Елтаңбасымен еңселі,**
**Әнұранымен айбатты.**

***1-тапсырма. Оқыңыз, есте сақтаңыз.***

## МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР

| | | | |
|---|---|---|---|
| Мемлекеттік Ту | Государственный Флаг | Мемлекеттік рәміздер | Государственные символы |
| Мемлекеттік Елтаңба | Государственный Герб | ұлттық оюмен өрнектелген | изображен национальный орнамент |
| Мемлекеттік Әнұран | Государственный Гимн | көгілдір түс аясында | на голубом фоне |
| міндетті | обязан | шаңырақтың екі жағында | с обеих сторон шанырака |
| жатқа білу | знать наизусть | сол жағында | с левой стороны |
| мағынасы | значение | сөзі | слова |
| пырақ | сказочный крылатый конь | әні | музыка |
| көгілдір | голубой | жатқа білуге міндетті | обязаны знать наизусть |
| қыран | орел | суреттеу | описать |
| ою-өрнек | орнамент | білдіреді | означает |
| бейнелеу | изобразить, изображено | ашық аспанды білдіреді | означает открытое небо |

***2-тапсырма. Мәтіндерді оқыңыз.***

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы – Қазақстан Республикасының мемлекеттік негізгі рәміздердің бірі. Мемлекеттік ту көгілдір түсті тік бұрышты кездеме. Оның ортасында арайлы күн, күннің астында қалықтаған қыран бейнеленген. Тудың сол жағында — ұлттық оюлармен кестеленген тік жолақ өрнектелген. Күн, қыран және ою-өрнек — алтын түсті. Тудың ені ұзындығының жартысына тең.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасының негізі — шаңырақ. Шаңырақ — мемлекеттің түп-негізі — отбасының бейнесі. Шаңырақ — киіз үйдің күмбезі көшпелі түркілер үшін үйдің, ошақтың, отбасының бейнесі. Қанатты тұлпар — қазақ поэзиясындағы кең тараған бейне. Бір шаңырақтың астында тату-тәтті өмір сүретін Қазақстан халқының өсіп-өркендеуін, рухани байлығын, сан сырлы, алуан қырлы бет-бейнесін паш етеді. Жоғары жағында бес бұрышты жұлдыз, төменгі жағында «Қазақстан» деген жазу бар.

***3-тапсырма. Синонимдерін табыңыз.***

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 | Тәуелсіздік | А | туған жер |
| 2 | Астана | Ә | өте үлкен |
| 3 | Отан | Б | егемендік |
| 4 | Кең байтақ | В | Елорда |
| 5 | Ат | Г | байрақ |
| 6 | Ту | Ғ | сыйлау |
| 7 | Ою | Д | пырақ |
| 8 | Құрметтеу | Е | өрнек |

***4-тапсырма. Сөз тіркестерін қазақ тіліне аударыңыз.***

ҚАЗАҚСТАН

страна свободных людей

удивительно красивая

бескрайние степи

редкие животные

# ТАРИХИ-ТАНЫМДЫҚ САҒАТ

**«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында биылғы жылы ауылдық кітапханада «Жарсуат ауылдық аймағына - 90 жыл» атты дөңгелек үстел басында кездесу сәті өтті. Жас оқырман қауымға ауыл тарихының шығу мен құрылымы туралы тереңірек жан-жақты білу үшін бұл кездесуге ауылдың ардақты ақсақалы байырғы тұрғыны имам Сатанов Олжабай ата мен кітапхананың тұрақты оқырманы ел ағасы Кожахметов Сабитхан ағайдың қатысуымен өтті.**




Жарсуат ауылының алғаш 19-ыншы ауылнай болып құрылған кезден бастап ауылдың шығу тарихы туралы айтқан Олжабай ата Жарсуат атауының сол кезде Жақып байдың сан жетпес жылқысы болғанын олардың су ішуге келгенде санының көптігінен өзен жағасы опырылып жар болып қалған екен содан




осы жер атауы шыққанын айтты. Ол кездегі қариялардың өте ақылды бірлігі жарасқан үлкен кішіге ізетті болғанын, әрқашан елдің, ауылдың қамын ойлап отыратын тұлғалар болғанын айта келе, сол кісілердің ақылдылығы ауылды ұстап қалды ма деп ойлаймын деп сөзін жалғастырды.

Оқушыларға ұлы Абайдың сөзін үлгі-өнеге етіп айта отырып атамыз болашақта дүниеге сен де бір кірпіш болып қаланып жақсы оқып еліміздің, ауылымыздың ірге тасын қалаушы болыңдар ,айналайындар, деп отырды.Кожахметов Сабитхан ағай қазір зейнеткерлік жаста болса да көп оқитын жан-жақты білімді жан. Кезінде елге қызмет еткен еңбегі еленген, ауылдың тұрмыс- тіршілігіне барынша өз үлестерін қосқан ата-ағаларды ерен еңбегіне тоқталып бәрінің де есімдерін атап айтып өтті. Бір деммен тыңдап отырған оқушылар, ұстаздар Сабитхан ағайдың ел тарихын жақсы білетініне мәдени сөйлеп көркем сөз бен ауылдың жер-су атауларының шығу тарихын атап бергеніне дән риза болып отырды.

9 сынып оқушысы Сулейменов Бердібек ауыл маңындағы ескі қорымдар, таңбасы ескерткіштер сыры неде деген сұрағына ағаймыз толық жауап бер білді. Тарих пәнінің мұғалімі Есова Лязат Дүйсенбекқызы ауылдың жер-су атауларының шығу тарихымен таныстырып өтсеңіздер, атам айтушы еді адасып кетсең зират пен суы бар жерге бар деп, ауыл маңындағы сондай жерлер тарихын біліп жүрсек деген сауалына да атамыз тереңнен толғап айтып берді. Әңгіме соңында оқушылар Сатанов Олжабай ата мен Кожахметов Сабитхан ағайға шын ниеттерімен кездесуден көп әсер алғандарын айтып ризашылық бідіріп, аталарымызға рахмет айтып ұзақ ғұмыр тіледі.

Мектебіміздің тәлімгері Рамбек Маржан да сөз алып ауылда қанша тұрсам да шығу тарихын, елдің сыйлы азаматтар еңбегін, жер-су атауларын білмеппін. Ауылдық кітапхана кітапханашысы Жұмаш Кайдарқызының ұйымдастырған бұл кездесуден алған әсерім мол. Сіздерге рахмет жүз жасаңыздар, сіздер, үлкендер айтпаса біз қайдан білеміз



деп алғысын білдірді. Келесі сіздермен кездесіп өткізетін әңгіме сағаты дініміз бен тіліміз туралы болса екен деп оқушылар да өз тілектерін білдірді.

Ауылды құрған арғы аталарымыз өте ақылды болған деп әңгімелеп отырған, кездесуге келіп дөңгелек үстел басында тарихи тағылымы мол танымдық әңгіме айтқан Олжабай ата мен Сабитхан ағайдың бойынан да білімділік пен мәдени сыпайы сабырлылықты байқадық. Ауылымыздың тарихы әр кезеңдегі осындай елеулі тұлғалармен танылады. Елім дейтін ер болмаса, ерім дейтін ел қайдан шығады деген екен дана халқымыз. Әр қашан да еліміз аман халқымыз тыныш болсын, ағайын!

**Жұмаш КАЙДАРҚЫЗЫ.**

В МИРЕ ЛИТЕРАТУРЫ

## ВОЛШЕБНАЯ СКАЗКА

*Зима — это одна большая волшебная сказка! Да что там, в каждом слове этой волшебной истории живёт по маленькому чуду! И ты — писатель этой зимней книги, придумщик, сказочник — как тебе больше нравится. Главное, что ты волшебник. Приоткрой дверцу в свою душу, позволь чуду быть! Именно зимой случаются чудеса, именно зимой особенно волшебно горят огоньки, всё вокруг нас наполняется магией и волшебством.*

*Пусть в жизнь каждого из вас постучится добрая зимняя сказка и подарит настоящее волшебство, осуществит все заветные мечтания.*

*И пусть в жизни каждого из нас случится то самое Новогоднее Чудо !*

*А чудеса случаются, но только если в них искренне верить! Хочется по-детски радоваться снегу и искать особенные знаки судьбы в высоком облачном небе, которое так и сыплет наземь лапчатыми снежинками; хочется согреваться улыбкой и теплом родных ладоней, дарить всем подарки и верить в сказку. В сказочном сонном мире так тихо, что можно услышать шепот снежинок, летящих с неба.*

*С утра за окном идет снег. Он ложится тихо, неслышно. Большие хлопья пушистых снежинок спешат укрыть все вокруг своим белым, мягким одеялом. Именно в этот момент приятно наслаждаешься зимней, красивой тишиной. Кажется, в этот момент, всё замерло в таинственном, сказочном сне. И ты стоишь, боясь спугнуть и нарушить эту волшебную тишину…. Мороз приятно пощипывает нос и щеки . Когда земля устилается белоснежным ковром, мороз рисует картины на стеклах окон и румянец на наших щечках.*

*Очень хочется уюта, веселых, дружеских посиделок, прекрасных вечеров и множество положительных эмоций и предпраздничного настроения.*

*Каждый год я обещаю себе сопротивляться белоснежным чарам Снежной Королевы, не впадать в детство, не покупать новые игрушки на ёлку и не ждать подарки под елкой. И, поверьте, каждый год я упрямо держусь до последнего. А под бой курантов буду снова писать свои пожелания зная, что зимняя сказка в нас будит вчерашних детей…*



*И снова память медленно возвращает тебя в то далекое детство, когда веселой гурьбой мы весело катались с горки на санках. Родители нас не могли дождаться к обеду и вечером мы допоздна играли на улице, катались на коньках, играли в снежки, лепили снеговиков. Зима — это белоснежная сказка природы. Как и у любой сказки, в ней есть что-то плохое или не очень приятное — это холод, метели и потерянные дороги. Но есть и самое важное — добро и красота. Когда снег укутывает дома, деревья и всё вокруг, то кажется, что и на душе становится чуть светлее, чуть чище.*

*Как восхитительны снежинки, они щекочут и медленно тают, падая на лицо, щеки и губы! В зиме столько волшебства, столько красоты! И как каждая хорошая сказка, зима учит нас простому, волшебному, доброму и очень важному. Люди начинают ценить тепло, уют и тех людей, которые всегда относились к ним с теплотой и с любовью. А ведь так хочется снега! И с любимым человеком на прогулку! Он, конечно же, сначала не будет в восторге от такой прогулки в зимний день, но я поделюсь с ним своим теплом и радостью. Научу его слушать музыку зимы и летать. Хотя и учить не надо, интуитивно это знает каждый. Услышать музыку зимы легко, надо расслабиться, вглядеться в блеск снега, поднять вверх голову, запрокинуть и замереть… Слышишь мелодию? Это поёт твоя душа, это поёт зима, каждая отдельная снежинка, и всё это сливается в унисон дивной музыки. А если продолжать смотреть вверх на падающие снежинки, то кажется, как-будто летишь куда-то далеко-далеко и полёт этот прекрасен. Но пока, я сморю и наслаждаюсь сказочно - волшебной зимней красотой! Здравствуй, зима! У нас с тобой много общих планов! И пусть они в новом году обязательно сбудутся!*

**Ирина МИРНАЯ.**

*Творчество читателей*

## В ЭТОТ ПРАЗДНИК НОВЫЙ ГОД!

*Новый год в окно стучится.*
*Счастье в каждый дом войдет!*
*Пусть все лучшее случится.*
*Чудо пусть произойдет.*
*Запах ёлки, мандаринов,*
*Веет всюду и везде*
*Яркие горят витрины.*
*В них подарки детворе*
*Дед Мороз спешит к нам в гости*
*Всем подарки он несёт*
*Сбудутся пусть все мечтанья*
*В этот праздник Новый год!*



## ПРАЗДНИЧНОЕ ПОЖЕЛАНИЕ

*И вот завершился*
*еще один год.*
*Пусть беды,*
*несчастья с собой заберет*
*Усталость, невзгоды,*
*беду и тревогу,*
*Пусть тоже*
*с собой забирает в дорогу.*
*А в новом году пусть*
*останется с нами.*
*Здоровье, удача,*
*любви большой пламя*
*Счастье и*
*радость, тепло, доброта,*
*Пусть не покинет нас никогда.*
*Пусть в новом году будет*
*мир во все мире.*
*Достаток*
*и блага в каждой квартире.*



*И пусть новый год*
*людям всем принесёт*
*Успехов, задора*
*еще на весь год.*
*И пусть совсем*
*утихнет злая вьюга*
*и хоть чуть-чуть*
*ослабнут холода,*
*Чтобы жить нам*
*весело, счастливо,*
*Все наши грядущие года.*
*Улыбайтесь почаще,*
*пожалуйста!*
*Прочь гоните печали, тоску.*
*Пусть хорошее*
*только случается*
*В наступающем*
*новом году!*

**Ирина ЗАДОРОЖНАЯ.**



*Пост не в брюхе, а в духе*

## РОЖДЕСТВЕНСКИЙ ПОСТ

**Ничего в жизни не дается без труда. И чтобы отметить праздник, надо к нему подготовиться.**

**В Русской Православной Церкви существует четыре многодневных поста, пост в среду и пятницу в течение всего года (за исключением нескольких недель), три однодневных поста.**

Одним из таких постов является Рождественский пост в 2022 году Рождественский пост — последний многодневный пост в году. Он начинается 15 (28 — по новому стилю) ноября и продолжается до 25 декабря (7 января), длится сорок дней и потому именуется в церковном уставе Четыредесятницей, так же, как и Великий пост. Так как заговенье на пост приходится в день памяти св. апостола Филиппа (14 ноября старого стиля), то этот пост называют Филипповым.

Церковь призывает нас к зимнему посту. Он называется и Филиппов, потому что начинается после дня, посвященного памяти апостола Филиппа, и Рождественский, ибо бывает перед праздником Рождества Христова.

**О трапезе в праздники**

По церковному Уставу, в праздники Рождества Христова и Богоявления, случившиеся в среду и пятницу, поста нет. В Рождественский и Крещенский сочельники и в праздники Воздвижения Креста Господня и Усекновения главы Иоанна Предтечи разрешается пища с растительным маслом. В праздники Сретения, Преображения Господня, Успения, Рождества и Покрова Пресвятой Богородицы, Введения Ее во храм, Рождества Иоанна Предтечи, апостолов Петра и Павла, Иоанна Богослова, случившиеся в среду и пятницу, а также в период от Пасхи до Троицы в среду и пятницу разрешается рыба. Если праздник Введения во храм Пресвятой Богородицы выпадает на среду или пятницу, то разрешается рыба. После дня памяти Святителя Николая и до предпразднества Рождества разрешается рыба в субботу и воскресенье. В предпразднество нельзя есть рыбу во все дни, в субботу и воскресенье – пища с маслом. Рождественский пост установлен для того, чтобы мы ко дню Рождества Христова очистили себя покаянием, молитвою и постом, чтобы с чистым сердцем, душой и телом могли благоговейно встретить явившегося в мир Сына Божия и чтобы, кроме обычных даров и жертв, принести Ему



наше чистое сердце и желание следовать Его учению. Правила воздержания, предписанные Церковью в Рождественский пост, столь же строги, как и в Петров пост. Кроме того, в понедельник, среду и пятницу Рождественского поста уставом запрещаются рыба, вино и елей и дозволяется принимать пищу без масла (сухоядение) только после вечерни. В остальные же дни — вторник, четверг, суббота и воскресенье — разрешено принимать пищу с растительным маслом. Рыба во время Рождественского поста разрешается в субботние и воскресные дни и великие праздники, например, в праздник Введения во храм Пресвятой Богородицы, в храмовые праздники и во дни великих святых, если эти дни приходятся на вторник или четверг. Если же праздники приходятся на среду или пятницу, то разрешение поста положено только на вино и елей.

Православный календарь

В сочельник нельзя вкушать пищу до появления первой звезды, после чего принято вкушать сочиво – вареные в меду зерна пшеницы или отварной рис с изюмом.

**Зачем установлен Рождественский пост**

Установление Рождественского поста, как и других многодневных постов, относится к древним временам христианства. Уже с четвертого века св. Амвросий Медиоланский, Филастрий, блаженный Августин упоминают в своих творениях Рождественский пост

Первоначально Рождественский пост длился у одних христиан семь дней, у других — несколько больше. На соборе 1166 года, бывшем при Константинопольском Патриархе Луке и византийском императоре Мануиле, всем христианам было положено хранить пост пред великим праздником Рождества Христова сорок дней.

Рождественский пост — зимний пост, он служит для нас к освящению последней части года таинственным обновлением духовного единения с Богом и приготовлением к празднованию Рождества Христова.

«Само хранение воздержания запечатлено четырьмя временами, чтобы в течение года мы познали, что непрестанно нуждаемся в очищении и что при рассеянии жизни всегда надо стараться нам постом и милостынею искоренить грех, который приумножается бренностью плоти и нечистотою пожеланий».

От 20 декабря до 25 декабря (старого стиля) пост усиливается, и в эти дни даже в субботу и воскресенье рыба не благословляется. Между тем именно на эти дни приходится празднование гражданского Нового года, и нам, православным христианам, надо быть особенно собранными, чтобы весельем, винопитием и вкушением пищи не нарушить строгость поста.

Постясь телесно, в то же время необходимо нам поститься и духовно. «Постящеся, братие, телесне, постимся и духовне, разрешим всяк союз неправды», — заповедует Святая Церковь.

Пост телесный, без поста духовного, ничего не приносит для спасения души, даже наоборот, может быть и духовно вредным, если человек, воздерживаясь от пищи, проникается сознанием собственного превосходства от сознания того, что он постится. Истинный пост связан с молитвой, покаянием, с воздержанием от страстей и пороков, искоренением злых дел, прощением обид, с воздержанием от супружеской жизни, с исключением увеселительных и зрелищных мероприятий, просмотра телевизора. Пост не цель, а средство — средство смирить свою плоть и очиститься от грехов. Без молитвы и покаяния пост становится всего лишь диетой.

Сущность поста выражена в следующей церковной песне: «Постясь от брашен, душа моя, а от страстей не очищаясь, — напрасно утешаемся неядением: ибо — если пост не принесет тебе исправления, то возненавидена будет от Бога, как фальшивая, и уподобится злым демонам, никогда не ядущим».

Некоторые считают, что при современном бедственном положении в России, когда не выплачивают зарплату, когда у многих нет денег, пост не тема для разговора. Напомним слово Оптинских старцев: «Не хотят поститься добровольно — будут поститься недобровольно…» Ничего в жизни не дается без труда. И чтобы отметить праздник, надо к нему подготовиться.

Иными словами, главное в посте — не качество пищи, а борьба со страстями.

**По материалам Мансветов И. Д. «О постах Православной Церкви». «Как провести Рождественский пост, Рождество и святки».**

## ЗАСЕДАНИЕ ПАРТИИ «AMANAT»

**На прошлой неделе, в с.Астраханка, прошло очередное заседание партии «AMANAT», на котором были подведены результаты работы партии за прошедший год.**

Были прослушаны доклады Куанышевой Гульнар Шалабаевны – заместителя главного врача Астраханской районной больницы. Аубакировой Ербола Адамовича – заместителя руководителя отдела образования Астраханского района. Оспановой Галии Егимбаевны – руководителя отдела экономики и финансов Астраханского района.

Было проведено согласовании плана работы депутатской фракции партии «AMANAT» в Астраханском районном маслихате на 2023 год и утвержден план работы Бюро Политического совета на 2023 год.

**Соб. инф.**





## БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН АУДАН ӘКІМІНІҢ ШЫРШАСЫ



**Аудандық мәдениет үйінде жылдағы дәстүр бойынша аудан әкімінің бүлдіршіндерге арналған жаңа жылдық шыршасы өтті. Мерекелік шараға 100 шақты балғын қатысты. Балалардың қуанышына аудан әкімінің орынбасары Жанар Шахпұтова ортақтасып, бүлдіршіндерді Жаңа жыл мерекесімен құттықтады.**





Ақ ұлпа қар жамылған шыршалардың сұлбасы қойылып, қабырғаларға жаңа жыл сәні - түрлі жарқырауықтар ілініп, зал да әдемі безендірілген. Қарша қыздың киіміндегі қаршадай қыздардың әдемі биі сахна шымылдығын ашқан соң, аудан әкімі топ басшыларымен балаларды салтанатты түрде залдан қарсы алды.

